

«КЕЛІСЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің I вице-президенті
Ж. Томар
«__» _____ 2019 жыл

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің президенті
Б. Абдрасилов
«__» _____ 2019 жыл



САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-072-2019

Республикалық «ЯСАУИ» Олимпиадасының ЕРЕЖЕСІ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Кәсіби бағдар және маркетинг бөлімімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер – Кеңесші Е.Төлегенов
3. Келісілді – Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент
Ө.Үмбетов
– Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президент
П.Пилтен
– Академиялық мәселелер жөніндегі департамент
директоры Т.Ниязов
– Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы
А.Әбсеметов
– Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа
орталығының басшысы Ж.Дарибаев
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2019 ж.
5. Тексерілу мерзімі – 2021 ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Мазмұны

1. Қолданылу саласы	3
2. Нормативтік сілтемелер	3
3. Жауапкершілік және өкілеттілік	3
4. Жалпы ереже	3
5. Олимпиадаға тіркелу	4
6. Олимпиаданы өткізу тәртібі	4
7. Олимпиада жеңімпаздарын марапаттау	4
8. Өзгерістерді ендіру	5
9. Келісу, сақтау және тарату	5
10. Танысу парағы, қосымша А	6
11. Өзгерістерді тіркеу парағы, қосымша Б	7

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-072-2019
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Республикалық «Ясауи» Олимпиадасының ережесі		7 беттің 3 - беті

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1. Бұл ереже университетке білімді талапкерлерді шақыруда және университетті танытуда негізгі құжаттардың бірі болып табылады.

1.2. УЕ ХҚТУ-072-2019 Университет ережесі университеттің СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

2. НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР (СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР)

Университеттің осы Ережесінде төменде көрсетілген нормативті құжаттарға сілтемелер қолданылған:

-ҚП ХҚТУ - 4.2.3-2009 Құжаттаманы басқару.

-2019-2023 жж. Стратегиялық жоспарға сәйкес дайындалды.

3. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

3.1. Университеттің осы Ережесі Ахмет Ясауи университетінің Академиялық Комитет кеңесінде талқыланады.

3.2. Университеттің осы Ережесі Ахмет Ясауи университетінің ректоры-Сенат төрағасы тарапынан бекітіледі.

3.3. Университеттің осы Ережесі талаптарының енгізілуіне Кәсіби бағдар және маркетинг бөлімінің басшысы жауапты болып табылады.

3.4. Университеттің осы Ережесі талаптарының орындалуын Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент қадағалайды.

4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

Республикалық «Ясауи» Олимпиадасы мектеп бітіруші 11 және 12 сынып оқушыларының арасында өткізіледі. Олимпиаданың басты мақсаты – оқушылардың интеллектуалды және шығармашылық қабілеттерін айқындау, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылығын арттыра отырып, дарынды оқушыларды қолдау.

Республикалық «Ясауи» Олимпиадасы оқушылардың таңдауы бойынша екі бағытта өтеді:

Бірінші: Пәндік олимпиада (математика, физика, химия, информатика, география, қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, биология, шет тілі, қазақ тілі, орыс тілі, қазақ әдебиеті, орыс әдебиеті);

Екінші: Ғылыми жобалар байқауы (математика, физика, химия, информатика, география, қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, биология, шет тілі, қазақ тілі, орыс тілі, қазақ әдебиеті, орыс әдебиеті).

5. Олимпиадаға тіркелу:

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-072-2019</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	<i>2-ші нұсқа</i>
Республикалық «Ясауи» Олимпиадасының ережесі		7 беттің 4 - беті

Республикалық «Ясауи» Олимпиадасына қатысушы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің **ayu.edu.kz** сайтына кіріп, сайтта көрсетілген бөлім арқылы тіркеледі. Тіркелу үшін оқушы өзі туралы толық мәліметті толтырып, екі бағытының бірін таңдайды. Бір бағытты таңдаған оқушыға екінші бағытты таңдауға рұқсат етілмейді.

Тіркеу аяқталған соң, оқушының енгізген мәліметінде көрсетілген электронды поштасына олимпиаданың іріктеу кезеңіне қатысу үшін арнайы логин және пароль жіберіледі. Алынған логин және пароль арқылы оқушы онлайн тестке қатысады.

6. Олимпиаданы өткізу тәртібі:

Республикалық «Ясауи» Олимпиадасы екі кезеңнен тұрады.

Бірінші іріктеу кезеңі:

- Пәндік олимпиада бойынша қатысатын оқушылар онлайн жүйесі бойынша таңдаған пәнінен тест тапсырады. Тест тапсырмаларының саны – 50.

- Ғылыми жоба бағытын таңдаған оқушылар ғылыми жобасын беріліп отырған үлгі бойынша электронды нұсқасын **talapker@ayu.edu.kz** электронды поштасына жібереді.

Екінші іріктеу кезеңі:

Екінші кезең Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде өткізіледі.

- Пәндік олимпиада бойынша қатысатын оқушылар жазбаша немесе тест түрінде емтихан тапсырады.

- Ғылыми жоба бағытын таңдаған оқушылар ғылыми жұмысын презентация арқылы қорғайды. Презентацияны қорғауға 10-15 минут уақыт беріледі.

Ескерту: Олимпиадаға қатысушының өзімен бірге жеке басын куәландыратын жеке куәлігі болуы керек. 16 жасқа толмаған оқушылар үшін оқу орнынан фото суреті бар, мектеп директорының қолы қойылған және мөрі басылған анықтама көрсетіледі.

7. Олимпиада жеңімпаздарын марапаттау:

Олимпиаданың екінші кезеңінің қорытындысы бойынша жоғары ұпай жинаған және үздік ғылыми жоба жұмыстарының жеңімпаздары марапатталады. Олимпиаданың қорытындысы бойынша I, II және III орын алған жеңімпаздарға Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде оқу үшін Түркия гранты беріледі. Түркия грантының иегері университетті бітіргенше тегін білім алады. Жеңімпаздарға арнайы Түркия грантын иеленгендігі туралы сертификат беріледі.

Республикалық «Ясауи» Олимпиадасының жеңімпазы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде оқу үшін ҰБТ-ға қатысып, шекті балды алуы тиіс.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХКТУ-072-2019
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Республикалық «Ясауи» Олимпиадасының ережесі		7 беттің 5 - беті

Республикалық «Ясауи» Олимпиадасының жеңімпаздары Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіндегі өзі таңдаған мамандыққа оқуға жіберіледі.

8. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

8.1. Университеттің осы ережесін басқару және өзгерістер енгізу ҚП ХКТУ-4.2.3-2009 сәйкес жүзеге асады.

8.2. СМЖ құжаттарына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

9. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

9.1. Осы университет ережесін талқылау және келісу Академиялық Комитет Кеңесінде қаралып, Сенат отырысында бекітіледі және хаттамамен рәсімделеді.

9.2. Осы университет ережесінің рәсімделуін бақылау және жұмыс нұсқаларын сақтау жауапкершілігі Стратегиялық жоспарлау рейтинг және сапа орталығына жүктеледі.

9.3. Осы университет ережесінің орындалуын бақылау Кәсіби бағдар және маркетинг бөліміне жүктеледі.

9.4. Осы университет ережесін тарату электронды түрде жүргізіледі, құжатты университет сайтының білім порталындағы жеке кабинеттерге орналастыру Кәсіби бағдар және маркетинг бөліміне жүктеледі.

9.5 Осы ереже № 6 05.02.2019 Сенаттың шешімімен бекітілді. Бақылау данасы Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығына сақтауға беріледі.

КЕЛІСІЛДІ

Оқу әдістемелік ісі
жөніндегі вице-президент

Ө. Үмбетов

Даму және қаржыландыру
жөніндегі вице-президент

П. Пилтен

Академиялық мәселелер
жөніндегі департамент директоры

Т. Ниязов

Құқықтық камтамасыз ету
бөлімінің басшысы

А. Әбсеметов

Стратегиялық жоспарлау,
рейтинг және сапа орталығының
басшысы

Ж. Дарибаев